



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік Интеллектуалдық Меншік Ұйымы арасындағы Ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 303

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ұсынған, Қазақстан Республикасының барлық мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік Интеллектуалдық Меншік Ұйымы арасындағы Ынтымақтастық бағдарламасының жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік Интеллектуалдық

Меншік Ұйымы арасындағы Ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Игорь Иванович Роговқа Бағдарлама жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етілуге отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік Интеллектуалдық Меншік Ұйымы арасындағы Ынтымақтастық бағдарламасына қол қою өкілеттігі берілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҰЙЫМЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік Интеллектуалдық Меншік Ұйымы (бұдан әрі - ДИМҰ),

Қазақстан Республикасының ДИМҰ мүшесі және ДИМҰ басқаруымен бірқатар халықаралық шарттарға қатысушы болып табылатынын ескере отырып,

Қазақстан Республикасының елді әлемдік экономикалық, қауымдастыққа

3. Бағдарламаның қолданылу мерзімі:

Осы Бағдарлама белгіленбеген мерзім ішінде қолданылады. Тараптар осы Бағдарлама шеңберінде орындалатын іс-шаралардың бағдарлық тізбесі осы Бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Бағдарламаға Қосымшада келтіріледі. Ынтымақтастықтың нақты жобалары қаржы және адам ресурстарының болуы есепке алына отырып, мүдделі тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылатын болады.

2001 ж. "____" ақпанда Алматы қаласында үш түпнұсқа данада әрқайсысы орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жасалды, және барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан

Дүниежүзілік Интеллектуалдық
Меншік Ұйымы атынан

Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен Дүниежүзілік Интеллектуалдық
Меншік Ұйымы арасындағы
Ынтымақтастық бағдарламасына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік Интеллектуалдық
Меншік Ұйымы арасындағы Ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру
жөніндегі іс-шаралардың бағдарлық тізбесі

1. Интеллектуалдық меншік саласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық
заңдарын жетілдіру.

1.1. Қазақстан Республикасында немесе ДИМҰ-ның штаб-пәтерінде Қазақстан
Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне ДИМҰ-ның тиісті
сарапшыларының сараптамалар мен консультациялар жүргізуі.

2. Қазақстан Республикасында интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтарын
қорғауды қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру.

2.1. 1994 жылы 14 сәуірде, Маракеште қол қойылған Интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім (ИМҚСА келісімі) мәселелері бойынша Қазақстан Республикасына ДИМҰ-мен көрсетілетін заңдық және техникалық к ө м е к .

2.2. Тиісті қазақстандық ұйымдарды заң немесе құқық қолдану практикасына қатысты ДИМҰ-да бар шолу материалдарымен қамтамасыз ету.

2.3. Қазақстан Республикасы әділет органдарының, ішкі істер, прокуратура, соттар, кеден және монополияға қарсы органдар қызметкерлері үшін лекциялар, семинарлар немесе симпозиумдер ұйымдастыру.

3. Әкімшілік функцияларды ДИМҰ-ның орындайтын мынадай шарттарына Қазақстан Республикасының қосылуына жәрдемдесу:

- 1976 жылғы 20 желтоқсандағы Шығармалардың кейбір түрлеріне жеке құқықтарды қорғауға қатысты авторлық құқықтар жөніндегі ДИМҰ-ның шарты (АҚШ);

- 1996 жылғы 20 желтоқсандағы Орындаушылар мен фонограмма өндірушілердің құқықтарын қорғау жөніндегі ДИМҰ-ның шарты (ОФШ);

- 1925 жылғы 6 қарашадағы Халықаралық өндірістік үлгілерді депонирлеу туралы Гаага келісімі;

- 1977 жылғы 28 сәуірдегі Патент рәсімінің мақсаттары үшін микроорганизмдерді депонирлеудің халықаралық танылуы туралы Будапешт шарты;

- Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттама (1989 ж.);

- 1994 жылғы 27 қазандағы Тауарлар белгілері жөніндегі заңдар туралы шарт (TLT);

- 2000 жылғы 1 маусымдағы Патенттер жөніндегі заңдар туралы шарт (PLT);

- Орындаушылардың, фонограмма өндірушілер мен таратушы ұйымдардың құқықтарын қорғау туралы Халықаралық конвенция (Рим конвенциясы 1961 ж.).

4. Интеллектуалдық меншік саласында үйрету және оқыту.

4.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар және коммерциялық құрылымдар мамандарын, сондай-ақ оқытушыларды интеллектуалдық меншік саласындағы ДИМҰ-мен әкімшілікпен басқарылатын бағдарламалар бойынша оқытуды ұйымдастыру.

4.2. Түрлі кәсіби орталар арасында жалпы білім деңгейін арттыру үшін тағайындалған теориялық және практикалық семинарлар немесе симпозиумдер ұйымдастыру.

4.3. Оқыту әдістемесін, оқу жоспарларын, бағдарламаларды, жетілдіру курстарын

немесе мамандандырылған курстарды және дистанциялық оқытуды әзірлеуге жәрдемдесу.

5. ДИМУ-ның Ғаламдық ақпараттық желісін пайдалануды кеңейту.

5.1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Интеллектуалдық меншік құқықтары жөніндегі комитетін дүниежүзілік Интернет желісінің (web-сайт) беттерінде техникалық және бағдарламалық жарақтандыруға жәрдемдесу.

5.2. ДИМУ-ның Ғаламдық ақпараттық желісі арқылы PODL-ге қол жеткізуді, патенттік ведомствоның (PODL) электрондық кітапханасын құруды және пайдалануды қамтамасыз ететін қазақстандық мамандарды оқыту.

6. Қазақстан Республикасында авторлық және сабақтас құқықтармен авторлық құқық және ұжымдық басқару жүйесі саласында мемлекеттік органдарды дамыту.

7. Интеллектуалдық меншік саласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық жүйесін жетілдіру.

7.1. Интеллектуалдық меншік жүйесін пайдалану кезінде, соның ішінде интеллектуалдық меншік технологиясын, лицензиялауын, маркетингін беру, материалдық емес активтерді бағалау кезінде халықаралық тәжірибені Қазақстан Республикасында таратуға көмек.

7.2. Қазақстан Республикасында патенттік ақпарат және қызмет көрсетудің аймақтық орталықтарын құруға көмек.

7.3. Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнес субъектілеріне интеллектуалдық меншікті пайдалануда жәрдемдесу.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

